№7
(8055)

18 ақпан
сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

АҚПАН СЫРЫН АЙТПАЙДЫ!

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АЙ САНАУ ДӘСТҮРІНДЕ ӘР АЙДЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН СИПАТЫ БАР. КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАР ЕЖЕЛДЕН БЕРІ АЙ МЕН КҮННІҢ ҚАС ҚАБАҒЫН БАҒА ОТЫРЫП, УАҚЫТТЫ ӨЛШЕП, КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ САЙ ТІРШІЛІК ҚАМЫН СӘЙКЕСТЕНДІРІП ОТЫРҒАН. ЖАЛПЫ ӘЛЕМ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЙСЫСЫНДА БОЛМАСЫН, ЖЫЛ САНАУ ТӘРТІБІ ОН ЕКІ АЙМЕН ӨЛШЕНЕДІ. МҰНДАҒЫ ӨЗГЕШЕЛІК – ТҮРЛІ ФАКТОРЛАР МЕН ТАНЫМ-ТҮСІНІКТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖЫЛ БАСЫ БОЛАТЫН БІРІНШІ АЙ ӘРТҮРЛІ БОЛУЫ МҮМКІН.

Ақпан айында өтетін амалдардың бірі – «Ақпан-Тоқпан». Ақпан-Тоқпан амалы туралы «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда былай деп анықтама берілген екен: «Ақпан-тоқпан амалы үштен – жеті күндік қатты суық амалдың екінші атауы, екі ағайынды»

Ақпан – қыстың үш айының ең соңғысы. «Ақпан» деген атаудың қайдан шыққаны туралы көптеген аңыздар бар. Жоғарыда аталған, ақпан айында келетін «Ақпан-Тоқпан» амалын қазақ «Ақпан-Тоқпан – алты күн, боранымен жеті күн» деп атаған. Расымен де қыс шілдесінің соңын ала келетін бұл амалда көбінесе қар жауып, жел тұрып, ақ дүлей қарлы бұрқасын болып, шаруа баққан малшы мен алдындағы малы үшін біршама қиындық тудырады. Кейбір жылдары «Ақпан-Тоқпан» амалы бұлтсыз шайдай ашық аспан астында тұнған сақылдаған сары аяз түрінде өтеді. Бұл да тіршілік иесіне оңай тимейді. Жалпы алғанда ақпан айы – алты ай қыстың қаһары нағыз кәріне мінетін кезең. Желтоқсанның жиырма үшінен бастап ұзарған күннің өлшемін қазақ «Қаңтарда күн қарға адым, ақпанда ат адым» деп шамалайды. Әрине, қарға адым мен ат адымның айырмасы біршама үлкен. Алайда ақпан айында күн біршама ұзара түскенімен, Жер-Ананы күннің шуағы әлі де болса жадыратып қыздыра қоймайды.

Ақпанның аяқталуы – көктемнің қыр астына келгені. Қазақ елінің Арқа, Алтай, Ақжайық бағытында алты ай қыстың мұрты бұзылмаған жағдайда болса, Алатаудың етегі мен Сыр бойында көктемнің алғашқы лебі біліниіп, қар астынан қарғалдақ гүлі жарып шығып, етектегі қар таудың бел ортасына қарай түріле түсіп, сай-саладан су аға бастайды.

Ақпан – ақ боранның анық күшіне еніп ойқастайтын айы. Ақпан айының соңы – көктем мен қыстың өзара арбасқан күресіне толы. Бірде ақ боранды шыңылтыр аяз, бірде жадыраған жайма-шуақ аралас ақпанның құбылмалы күн райын бағамдау да мүмкін емес-ау.

Ақпанның ақпан аталуы тіпті де бекер емес. Көктем жақындап қалды дегенімізбен, ақпан айында жердің топырағы қаңтарға қарағанда тағы да тереңірек қата түседі. Бұл – ақпан айында жер бетіне түсетін күн сәулесінің тоқсан пайыз бөлігі кері шағылысатындығына байланысты. Ақпанның қалың қары жер бетінің тоңазуын қаңтардағыдан да арттыра түскенімен, бұл шын мәнінде топырақ қабатындағы өсімдіктер мен жануар-жәндіктердің көктемге үсіп қалмай аман сақталып жетуі үшін аса маңызды.

Қазақ ай атауын табиғатпен, оның құбылыстарымен тікелей байланыстырып отырған. Қазекең табиғатқа жақын халық, соның «тілін» білген, сырын ұққан, керегін де, дерегін де содан алған.

Ақпан алдамшы. Бір бүйірінді қыздырса, екінші бүйірінді мұздатады. Бір қолымен маңдайдан сипап, екінші қолымен маңдайдан шертеді.

Ақпан тұрақсыз: кейде аяздың беті қайтып, сынады, кейде аспан түнеріп, жапалақтап қар жауады. Оның бұрқасынды да, шуақты күндері алма-кезек. Ақпанда қыс пен көктем белдеседі. Қаңтарда бұрқасын, боран тәулік бойы соқса, ақпанда түнде, таң алдында соғады. «Жақсылығына барса – құт, жамандығына барса – жұт» айы. Амал кезінде бұрынғылар «Жылқы сауырынан, сиыр бауырынан» дейді қазақы пайым.

P. S. Өткен жексенбі жылымық болып, кешке тамылжып тұрғанымен далада жаяу бұрқасын жүріп жатты. Синоптиктер ескертіп жатты. Дүйсенбіге қараған түнде жауған қар түске дейін толастамады. Толарсаққа таяды. Ауа-райын болжаушылар алдағы уақытта да осы аптаның аяғына таман тағы қалың қар түсетінін айтады. Ал, ұлпа қар үп тесе, үрлеп, ақтүтек боран болады. Жалпы ақпан – ашуы мол, асау ай. Бұл кезгі жылымыққа көп сене беруге болмайды... Сондықтан да ескертулерге құлақ асқанның артықтығы жоқ. Өйткені, ақпан «Білмесең білдірем, білсең бүлдірем», - дейді.

АУДАННЫҢ ТҰРМЫСЫ МЕН ТЫНЫСЫ ДЕПУТАТТЫҢ ДА НАЗАРЫНДА

Өткен аптада облыстық мәслихат депутаты Естай Сисенбаев Ойыл ауданында жұмыс сапарымен болды.

Облыстық мәслихат депутаты Ойыл ауданына сапарын аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин және партияның аудандық филиалының атқарушы хатшысы, мәслихат депутаты Еркін Жиеналиндермен бірге Саралжын ауылдық округіне қарасты Аккемер елді мекенінің әлеуметтік нысандарының жұмыс барысын қарап, ауыл тұрғындарымен кездесіп, жеке мәселелерімен қабылдаудан бастады.

Ойыл селосында “Amanat” партиясының Ойыл аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде қабылдау жүргізді.

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округіне қарасты Қаратал ауылы тұрғындарымен кездесіп, мұң-мұқтаждарына құлақ түрді.

Депутатқа өтінішін айтқандардың дені көктемгі су тасқынының алдын алу, тұрғын үй, бөгет мәселесі, өткен жылғы төтенше жағдай кезіндегі төленген біржолғы әлеуметтік төлем, Аккемер ауылында жаңадан пайдалануға берілген 16 тұрғын үйдің құжатын жасақтау, көшені жарықтандыру, Аккемер ауылына газ жүргізу, бойдақ мал бағу, мал азығының бағасын тұрақтандыру, жұмыс, Ойыл өзені арнасын тазалау т.с.с. мәселелер толғандырады. Барлық ұсыныс-пікірлер тыңдалып, заңдылығы аясында түсінік беріліп, өтініштер назарға алынды.

Халық қалаулысы сондай-ақ, Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде «AMANAT» партиясының «Кітап – AMANAT» партиялық жобасы аясында «Маған әсер еткен кітап» челленджіне атсалысып, өзіне ерекше әсер еткен шығармалар жайлы ой бөлісіп, кітап оқудың маңыздылығы туралы әңгімеледі. Кездесу соңында кітапхана қорына құнды туындылар сыйға тартты.

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ: 37 ОРЫН, 10 ЖОЛДАМА

Өткен аптада "Шұғыла" мәдениет және демалыс орталығында бос жұмыс орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Бұл іс-шара жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілер арасында тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде көптеген азаматтар өздеріне лайықты жұмыс табу мүмкіндігіне ие болды.

Жәрмеңке аудан прокуратурасының үйлестіруімен өтіп, 37 бос жұмыс орны ұсынылды. Әртүрлі салалар бойынша мамандарға сұраныс жоғары. Жұмыс іздеушілер ұсынылған бос орындармен танысты, өздерінің кәсіби біліктілігі мен тәжірибесіне сай жұмыс табу мүмкіндігін иеленді. Нәтижесінде 8 азаматқа ресми жолдама беріліп, жұмысқа орналасу процесі басталды.

Сонымен қатар, жәрмеңкеде 10 адамға еңбек нарығы туралы маңызды ақпарат ұсынылды. Түйіндеме жазу, сұхбаттан сәтті өту және жұмыс берушілердің талаптарына сай болу бойынша кеңестер берілді. Мұндай ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жұмыс іздеушілердің мүмкіндіктерін кеңейтіп, оларға еңбек нарығына сәтті бейімделуге көмектеседі.

Іс-шараға мемлекеттік мекемелер, өндірістік кәсіпорындар және қызмет көрсету саласындағы ұйымдар қатысты. Жұмыс берушілер өз мекемелеріндегі бос жұмыс орындары, еңбек шарттары мен талаптар туралы толық ақпарат беріп, үміткерлермен әңгімелесу жүргізді.

Жұмыс орындар жәрмеңкесі - жұмыссыздық деңгейін төмендетіп қана қоймай, халықтың әл-ауқатын жақсартуға да септігін тигізеді.

ИНТЕРНАЦИОНАЛ ЖАУЫНГЕРДІҢ ЕСТЕЛІГІ - ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ТӘСІЛІ

«ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІНЕ ОРАЙ АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. БҰЛ ШАРАНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – АРДАГЕРЛЕРДІҢ ЕРЛІГІН ҰЛЫҚТАУ, ОЛАРДЫҢ ӘСКЕРИ ЖОЛЫН ЖАСТАРҒА ҮЛГІ ЕТУ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ РУХТЫ НАСИХАТТАУ БОЛДЫ.

Кездесуге Ауған соғысының ардагерлері Болат Сағатов, Сырым Мүсіров, Ермек Сұлтанов, сондай-ақ аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев және қоғам белсенділері мен оқушылар қатысты.

Шара барысында ардагерлер өздерінің әскери өмірі, соғыс жылдарындағы қиындықтар мен достық туралы естеліктерімен бөлісті.

Жасы мүшелден асқан жас балалар Ауған жеріне баратыны хабарланғаннан бойларын билеген қорқыныш пен қобалжудың естен кетпес сәттерімен бөлісті.

Алғаш жат жерде интернационалдық борышын өтеген сарбаздар жиналған жастарға бейбітшіліктің бағасын түсініп, Отан алдындағы жауапкершілікті әрдайым сезіну қажеттігін жеткізді.

Сонымен қатар, кездесуде Ауған соғысының тарихы мен оның жауынгерлерге қалдырған ізі туралы айтылды.

Өз естеліктерінде қалай алғаш Ауған жеріне келгендерін, басқа сарбаздармен қарым-қатынастарын, алғашқы әскери тапсырмасы жайында сөз қозғады.

Осылайша, жас ұрпақ үшін бұл кеш ерекше тағылымды, әрі тәрбиелік мәні зор шараға айналды.

Іс-шара барысында патриоттық әндер шырқалып, қонақтарға құрмет көрсетілді. Кездесу соңында ардагерлерге естелік сыйлықтар табысталып, олардың қоғамдағы рөлі мен еңбегі ерекше атап өтілді. Ұйымдастырушылар мұндай кездесулердің жастарға отансүйгіштік сезімін дарытудағы маңызын айтып, алдағы уақытта да осындай шаралар жалғасатынын жеткізді.

Бұл жиын – ерлік пен батырлықты ұлықтаудың жарқын көрінісі. Ардагерлердің өнегелі өмір жолы өскелең ұрпақ үшін үлкен сабақ болып қала бермек.

Аудандық мәслихат төрағасының
2025 жылғы 13 ақпандағы
№ 6 өкімімен бекітілген

2025 Ж. ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН ҚҰРАМЫ

р/с	Тегі,аты,өкесінің аты	Жұмыс орны, лауазымы
1	Арыстанов Марат Канатович	Денешынықтыру спорт кешені, меңгеруші
2	Усенгалиев Айбат Елемесович	Аудандық «Көкпар» федерациясының президенті
3	Набиев Мейірхан Дулатұлы	«Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» Ойыл аудандық бөлімшесі, басшы
4	Жайлыбаев Минсизбай Сайынович	Зейнеткер, спорт ардагері
5	Картбаев Серик Сагынович	«Ақтөбеэнергосистема» ЖШС Ойыл бөлімшесі, басшы
6	Алтыбай Аманорман Оразұлы	Зейнеткер
7	Елекбаева Гулсим Саматовна	1-топ мүмкіндігі шектеулі
8	Дауылбаева Зоя Нурмаганбетовна	«Қазақ аналары-Дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігі, төрайым
9	Койбагаров Серикбай Койшыбаевич	«Ойыл» газеті ЖШС, директор
10	Шәутенов Темірболат Боранбайұлы	Техник-бағдарламашы
11	Омиргалиев Алибек Исегалиевич	Жеке кәсіпкер
12	Шыңғысов Бейбітәлі Серікбайұлы	Жүргізуші
13	Жумабаев Жанибек Жиенбекулы	«Кете» шаруа қожалығының басшысы
14	Сидагалиев Жалгас Сериккалиевич	Жеке кәсіпкер
15	Бюрин Жанибек Кенжебаевич	«Аманат» ӨК, төрағасы
16	Оспанов Берик Мырзагулович	Зейнеткер
17	Туремуратов Спартак Шеруенович	«Спарта» шаруа қожалығының төрағасы

КЫСТЫҢ ҚАТЕРІ!

Қысқы кезең аса қауіпті жыл мезгілі. Өйткені бұл уақытта адам өміріне қауіп тудыратын көптеген стихиялық құбылыстар болады.

Қатты борандармен қар жауудың нәтижесінде қысқы табиғи стихиялық күшінің көрсетілуі ауа температурасының күрт төмендеуі, қар басып қалулармен және желдің қатты ұйытқуымен байқалады. Осындай құбылыс бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке дейін болуы мүмкін.

Адам организіміне негізгі зақымдаушы факторларының бірі төменгі температураның әсері, бұл үсік шалуға кейде қатырып тастауға әкеліп соғады.

Сондықтан 112 «Құтқару қызметінен» дауылды-боран SMS хабарлама ескертпесін алған кезде немқұрайлылықпен қарамай, өзіңізді және қасыңыздағы адамдарды қауіпті жағдайда қалдырмас үшін жауапкершілікпен қараған жөн.

Егер де боран сіз жолда көле жатқанда басталса, келесі қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз:

-Жолдан адасып кетпес үшін тоқтағаныңыз жөн.

-Көлігіңізді желдің бағытына қарсы қойуыңыз керек.

-Көлігіңіздің қозғалтқышын қар басып қалмас үшін брезент немесе көрпемен жауып қойыңыз.

-Арасында көліктен шығып, қар аршығаныңыз дұрыс.

-Түтін шығатын тұрбаның ішіне қар толып қалмауын қадағалаңыз.

-Отынды үнемдеп, көлікті анда-санда ғана қыздырғаныңыз жөн.

-Қолда бар материалдардан, жарқын түсті матадан құтқарушыларға белгі беретіндей құрал жасап алыңыз және оны көрінетіндей етіп орнатыңыз.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! ӨМІРІҢІЗБЕН ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗҒА ҚАУІП ТӨНГЕН БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДА 112 БІРЫҢҒАЙ ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ 101 НӨМІРІНЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ!

Ойыл ауданының ТЖБ

КІТАПХАНАДАҒЫ КЕЗДЕСУДІҢ АРҚАУЫ – “АУЫЛ АМАНАТЫ”

ЕЛІМІЗДЕ 2023 ЖЫЛДАН БАСТАП «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ. БҮГІНДЕ АТАЛҒАН ЖОБА ЕЛІМІЗДЕ СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП, ХАЛЫҚТЫҢ АУЫЛДА ЕҢБЕК ЕТУІНЕ, ЖҰМЫССЫЗДАР САНЫНЫҢ АЗАЮЫНА, СОНЫМЕН ҚАТАР ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАБЫСЫНЫҢ АРТУЫНА ОҢ ӘСЕРІН ТИГІЗУДЕ.

Сондықтан, жуырда «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры Жасұлан Ержанов аудандық оралықтандырылған кітапхана ұжымсымен кездесіп, «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы ауыл шаруашылығын дамытуға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды бастама екенін түсіндірді. Кездесу барысында «Ауыл Аманаты» жобасының негізгі қаржыландыру бағыттары мен несиенің негізгі шарттары туралы жан-жақты ақпарат берді.

Айта кету керек, ел тұрғындарын агробизнеске тарту және ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті қолдауды көздейтін бұл жоба президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 26 қарашасындағы ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде іске қосылған.

Ауыл тұрғындарына өз кәсібін ашуға немесе қолданыстағы бизнесті кеңейтуге көмектесуге арналған бұл жоба екі жылдың ішінде ауылдық жерлердегі экономикалық белсенділікті арттырып, ауылдық аймақтардың дамуына елеулі үлес қосып отыр.

ЖЕКЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КІТАПШАЛАР ЕНДІ HR ENBEK ПОРТАЛЫНДА ОНЛАЙН РЕЖИМІНДЕ ҚОЛЖЕТІМДІ

Hr enbek еңбек ресурстары порталында «қызметкердің жеке ісі» сервисінде жұмысқа орналасу үшін қажетті медициналық кітапша қолжетімді болды. Құжат азаматтар үшін «Жеке медициналық кітапшалар» бөлімінде, сондай-ақ жұмыс берушілер үшін қызметкерлердің келісімін ала отырып, сұрау салу арқылы қол жетімді, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жеке медициналық кітапшалардың (санитарлық кітапшалардың) электрондық форматын енгізді.

Электрондық жүйе қызметкерлердің 15 санатын қамтиды, оның ішінде қоғамдық тамақтану, дәріханалар, санаторий қызметкерлері, сондай-ақ қызмет көрсету саласының жұмыскерлері мен медициналық персонал бар. Бұл санаттар үшін тұрақты физикалық тексерулер жылына бір рет немесе алты айда бір рет өткізіледі.

Бұдан кейін санитарлық кітапшаның электрондық нұсқасы HR Enbek порталына енгізілді, бұл жұмыс істеу үшін тұрақты медициналық тексеруден өтуді қажет ететін азаматтардың жұмысқа орналасуын жеңілдетуге тиіс.

Жеке тұлғаның үшінші тұлғаларға беру үшін дербес деректерді өңдеуге келісімі мобильді азаматтар базасында тіркелген қызметкердің нөміріне SMS жіберу арқылы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің дербес деректеріне қол жеткізуді бақылау сервисімен жүзеге асырылады. Сондай-ақ, бұл келісу HR Enbek порталында немесе AppStore және GooglePlay арқылы жүктеуге болатын мобильді қосымшасында ЭЦҚ көмегімен беріледі.

Кадрлық қамтамасыз етудің ақпараттық жүйелері бар жұмыс берушілерге Smart Bridge арқылы «Қызметкердің жеке ісі» тегін сервисіне қосылу мүмкіндігі беріледі.

«Қызметкердің жеке ісі» сервисі HR Enbek порталында 2022 жылы іске қосылған және жұмыс берушіге қызметкердің келісімімен жеке куәліктен, білімі, жұмыс тәжірибесі, фото, медициналық анықтамалар және т. б. ақпарат сияқты дербес деректерге қол жеткізуге мүмкіндік беру арқылы әңгімелесу және жұмысқа орналастыру процестерін жеңілдетуге бағытталған.

БАҒА, ИПОТЕКА, БОЛЖАМ:

2025 ЖЫЛЫ ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНДА АХУАЛ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Ел халқының 60 пайызы қалада өмір сүреді. Алдағы 5 жылда олардың саны тағы 13 пайыз өседі деген болжам бар. Бұл - қаладағы тұрғын үйге сұраныс артады деген сөз. Демек, пәтер бағасы ең өзекті тақырыптың бірі болып қала бермек. Сарапшылардан 2025 жылы бұл нарықта ахуал қандай болатынын сұрадық.

Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының бас сарапшысы Рамазан Досов: Нарық мемлекет қолдауына тәуелді болып қала береді

Бағаның өсуі. Теңгенің әлсіреуі тұрғын үй бағасына қысым жасады. Себебі, соның әсерінен құрылыс материалдары қымбаттап, жұмыс күшіне шығын арта түсті. Қаңтардағы тұрғын үй бағасының күрт көтерілуі осы факторға тікелей байланысты.

Төлем қабілеттілігі. Осы орайда бір ескерерлік жайт – халықтың төлем қабілетінің төмендеп келе жатқаны. 2024 жылы халықтың нақты табысы 3,6%-ға азайды.

Бұл адамдардың тұрғын үй алу мүмкіндіктерін шектейді және мемлекеттік жеңілдетілген ипотека бағдарламаларына кіріптар, тәуелді етеді. Билік әзірше мұндай бағдарламаларға қаржыландыруды қысқарту жоспарын жариялаған жоқ, зейнетақы жинақтарын пайдалану мүмкіндігі де сақталып отыр. Бұл - бағаның өсуіне ықпал ететін жағдай.

Салықтық өзгерістер. Салық саласындағы өзгерістер — бұл нарыққа ықпал ететін жанама факторлар. Егер ҚҚС немесе инфрақұрылымдық алым енгізілсе, ол жаңа құрылыс нысандарына әсер етпей қоймайды. Бұл нарыққа қосымша инфляциялық қысым жасайды.

Ипотекалық мөлшерлемелер. Жоғары инфляция жағдайында және оның өрши түсу қаупі сейілмей тұрған қазіргі таңда Ұлттық банк базалық мөлшерлемені айтарлықтай төмендетпейді. Бұл ипотекалық несие алу тым қиын болып қала беретінін жөн халықтың көпшілігі үшін қолжетімсіз болатынын білдіреді.

НЕГІЗГІ ТРЕНДТЕР:

Баға өсе береді, бірақ халықтың сатып алу қабілеті айтарлықтай артпайды;

Мемлекеттік бағдарламалар шешуші рөл атқарады, өйткені нарықтағы сұраныс соған байланысты болады;

Жоғары мөлшерлемелердің сақталуына байланысты банктік ипотека көпшілікке қолжетімсіз болады.

Қорытындылай келгенде, 2025 жылы тұрғын үй сатып алу көпшілік үшін оңайға соқпайды, ал нарық мемлекет қолдауына тәуелді болып қала береді.

Инвестиция және тұрғын үй нарығының халықаралық сарапшысы Лев Тетин: Сұраныс сол былтырғы деңгейде қалады не аздап өседі

Рекордтық көрсеткіштер. 2024 жылды қорытындыласақ, бұл жылы рекордтық көрсеткіш тіркелді: ел бойынша 18 960 000 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл - өте жақсы көрсеткіш.

Астанада да жаңа рекорд тіркелді - 4 410 000 шаршы метр. Жыл бойында жасалған сатып алу-сату мәмілелерінің саны 17 пайыз өсіп, 433 000-ға жетті. Мәселен, 2023 жылы бұл көрсеткіш 372 мың мәміле шамасында болған. Біз бұл жерде сатып алу белсенділігі қайта қалпына келе бастағанын аңғарамыз.

Бағаның өсуі. 2024 жыл тұрғын үй бағасының жалпы 10 пайыз көтерілуімен аяқталды.

Бүгінгі таңда өткен жылдың қорытындысы бойынша мегаполистердегі орташа көрсеткіш (шаршы метрдің бағасы) мынандай:

Алматы - 750 мың теңге

Астана –540 мың теңге

Шымкент – 420 мың теңге.

2025 жылға болжам. Биылға жоспарланған жаңа жобалар саны аз.

Бұл ұсыныс санының төмендейтінін білдіреді.

Үкімет биыл 19 млн шаршы метрді пайдалануға беріп, алдыңғы жылғы көрсеткішті қайталауды тапсырғанымен, менің ойымша, көрсеткіш төмен болады. Бәлкім 15, мүмкін 14 млн шаршы метр деңгейінде болар.

Бағаға әсер ететін факторлар. Өз кезегінде сұраныс сол былтырғы деңгейде қалады не аздап өседі. Бұл нені білдіреді? Қай кезде де ұсыныстың азайып, сұраныстың артуы бағаны көтеретін басты фактор саналады.

Одан бөлек, бұл сала импортқа тәуелді. Әр шаршы метрдің 50 пайыз құрылыс материалы шетелден өзге елдің валютасына сатып әкелінеді. Ал доллардың бағамы айтарлықтай тұрақсыз, соңғы кезде бұл валюта қымбаттап кеткенін көріп отырмыз. Бұл — шаршы метр бағасының өсуіне себеп болатын тағы бір фактор.

Ипотекалық несие. Екінші жағынан ипотекалардың көрсеткіші жылдан жылға бар болғаны 9 пайызға артып, аса бір жақсы өсім байқалмай тұр. 2024 жылы жалпы ипотекалардың көлемі 31 пайыз болған, биыл онда аздаған өсім тіркеліп, 35 пайызды көрсетеді деп ойлаймын, яғни ипотекалық кредиттеу көрсеткіші аз болса да өседі.

Болжам. Қорыта келгенде, сұраныстың өсуі, құрылыстың өзіндің құнының жоғарылауы және ұсыныстың төмендеуінің әсерінен 2025 жылы тұрғын үй бағасы 15 пайыз артады деп болжап отырмыз.

Қазақстан құрылысшылар қауымдастығының президенті Виктор Микрюков:

Бұл жылы нарық барынша турбулентті болады

Нарықтағы «күйзелістер». Бұл жылы нарық барынша турбулентті болады, себебі түпкілікті бағаны анықтайтын жағдайлар әлі толық қалыптасып болған жоқ.

Алдағы уақытта құрылыс саласында бірнеше «күйзеліс» болуы мүмкін. Оның бірі - базалық құнға салық салынуы. Екіншісі – инфрақұрылымдық алымның енгізілуі. Бұл екеуі де енгізіле ме, әлде бірі ғана енгізіле ме, ол жағы нақты емес. Тұрғын үй бағасы осы екі түзетудің енгізілу-енгізілмеуіне тікелей байланысты қалыптасады.

Баға, әсер ететін факторлар. Былтыр шаршы метр бағасы қатты өскен жоқ.

Өсім айына 0,5 немесе 1 пайыз шамасында ғана болды. Бұл инфляцияға сай өте байыпты, логикалық өсім саналады. Биыл бұл цифрлар өзгеруі мүмкін. Оған жоғарыда атап өткен екі фактор әсер етеді.

Одан бөлек, біз ұлттық валюта бағамын да ескеруіміз керек. Теңге құнсыздана түссе немесе нығайса, ол да бағаға әсер етеді.

Егер ешқандай «күйзеліс» болмаса, өсім өткен жылғы деңгейде болады деп болжаймыз. 0,5 немесе 1 пайыз шамасындағы өсім — қалыпты, заңдылықтарға сай өсім дер едім.

Құрылыс көлемі. Биыл пайдалануға берілетін шаршы метр көлемі былтырғыдан аз болмайды деп санаймын. Себебі, бұл көрсеткіштердің қалыптасуы осыдан екі-үш жыл бұрын салынып басталған құрылыс көлеміне байланысты белгіленеді.

Мысалы, былтырғы пайдалануға берілген нысандардың құрылысы 2-3 жыл бұрын басталған. Соған сай биыл берілетін нысандарды салу да 2023-2024 жылдары басталды. Сондықтан биылғы көрсеткіш былтырғыдай 19 млн шаршы метр көлемінде болады деп күтіп отырмыз.

ҚҚС әсері. Бірінші және қайталама нарықтағы ахуалға тоқталар болсақ, олар бірбірімен тығыз байланысты. Жоғарыда айтқан «күйзелістер» туралы болжамымыз келсе, атап айтқанда, бірінші нарыққа 16 пайыз ҚҚС салынса, онда жаңа үйлер бірден 14 пайызға қымбаттайды.

Осының артынан екінші нарықтағы үйлердің де бағасы көтеріледі. Себебі, жаңа үй неғұрлым қолжетімсіз болса, екінші нарыққа сұраныс артып, оның да бағасы өседі.

2025 жылға болжам. Қорыта келгенде, қосылған құн салығы салынбаса, құрылыс қарқыны осы бағытынан танбаса, жыл соңына дейін баға 9 пайыз шамасында өседі деп отырмыз. Себебі, нарықта аса бір белсенділік жоқ.

Ербол ЖАНАТ,
kaz.inform.kz

ВАСИЛЕК

Әңгіме

САҒЫНДЫК РАХЫМЖАН

Тамыздың тамылжып тұрған шағы. Қырдың көгі азайып, селеуі едірейе бастаса да, қойға жетерлік шөп бар. Аяғымен жүріп оттайтын жануарлар да кейбіреуі топтана жайылып, көбі тыңқия тойып күйсеп жатыр. Әйтеуір, жел қуалап кетпесе болды деп, Теңіз де отардың шет жағында шөптің собығын тістелеп жатқан еді. Шалқасынан түскен қалпы қос қолын желкесіне қойып алып, тас төбеге шыққан күннен көзін кепкасымен қалқалап, өз қиялына шомып кеткен. Алдыңғы аяғына тұсамыс салынған қарагер ат шөпті бырт-бырт үзіп, ара-тұра пысқырынып тамағын күйттеуге кіріскен. Соналап басын шұлғыған сайын ауыздықтың сыңғыры, қанжығаға байланған термостағы судың бүлкіліне дейін құлағына жетіп тұр. Теңіз сегізжылдық мектепті бітіргесін аудандағы СПТУ-ға барғысы келмеді. Аттестатты алған күннің ертеңіне аға шопан болып істейтін әкесіне көмекші болып қосқа аттанды. Қойшының қара жұмысына біраз көндіккесін, ауыл бетін көруден қалды. Тіпті, бұл тірлігі өзіне ұнайтын. Бала күнінен бұйығы еді. Мұғалімдер де тұрғызғанда тез жауап қатпайтын болғасын, ара-тұра ырымға ғана сұрақ қойғанситын. Соған өздері де көндігіп Теңізді көп мазалай бермейтін. Ілуде біреуі болмаса, мұны тұрғызып тақтаға шығару, мәтіннің мазмұнын айтқызу деген дәстүр қалыптаспаған еді. Әйтеуір, үй тапсырмасын орындап келеді. Екі әпкесі есебін шығарып беріп, жауабын көшіртіп, дәптерінің бос болмағанын қадағалап отырушы еді. Ал, бұл болса кітап, телевизор атаулыға мүлдем қызықпайтын. Бар ойы да, арманы да жылқы. Жылқы болғанда да көрікті, мінезді, жүрісті аттарға қызығатын. Әкесінің жуас қарагері қойшының нағыз салпаңқұлақ мәстегінің өзі еді. Месқарын жануар салт мінгенге де, арба жеккенге де ыңғайлы, шөп, отын тасығанда шамасы жеткенше жер бауырлап сүйрей беретін көнбіс. Қамшы тигенде шоқырақтап желетін әдеті бар, бірақ ішті түйетін жүрісі бозбаланың көңілінен шықпайды. Ондайда басқарма мінген қарагер, бригадирдің ақтанауы, асау үйретушінің ұшқыр торы қасқасына қызыға қараушы еді. Әкесі болса қойшыға бұдан артық ат жоқ деп, мақтап отыратын. Тіпті, кейбір шопандар мініп жүрген Ақсирақ, Сүлікқара, Орлик секілді аламан бәйгеге түспесе де, малшылар тойында жүлде алып жүрген аттарға да қызықпаушы еді. Тәйірі, қойшыға жүйріктің қажеті қанша, қой қайырғанға да бәйге бере ме деп жалғыз ұлдың меселін қайтарып тастайтын. Басқа балалар секілді тай мініп жарқырап жүрген жоқ, жылда құлындайтын торы биенің төлі жылда соғымға байланады. Екі жылы өтті қой соңында. Осы екі жылда әкесі бар жұмысты Теңіздің мойнына артып қойып, өзі көбіне той-томалақта, жиында жүретін. Әскерге да алмады. Бойы бір тұтам, шыр бітпейтін арық. Мейлі, өзі де құштар емес. Қойшының салпаң жұмысына, қарагердің митың аяңына көндігіп, еті өліп кетті. Ауылдағы кештерге де, қатарластарын әскерге шығарып салуға да барған жоқ. Барса да көңіл көтеріп, серпілмейтінін өзі де біледі. Сергу дегеннің не екенін түсінген де емес. Ән салу, билеу деген де бұған жат. Кейде жайлауда қойды еркін жібере салып, екі қолын жастық қылып жатып ыңылдататыны бар. Кейде дауысы қатты шығып кетсе өзінен-өзі ұялып, біреу-міреу естіп қалмады деп қысылатыны бар еді, кейінгі кезде оны да ұмытты. Қыста баздың ішінде шөп салып жүріп, айырды қыз құсатып, өзінше билеп те көрген. Мақта шалбар мен күпәйке, пимасы ырқына жібермеді. Әйтеуір, өзін солай ақтады. Әйтпесе, кейбіреулерден кем ырғалмайтын секілді. Өзін солай жұбатты. Қалай болған күнде де бұған биле деп те, ән айт деп те ешкім қыстамақ түгіл қолқа салып көрген жоқ. Ауылдастарына сыры белгілі ғой, сөйлеп жарытпайтын адамның ән айтып қарық қылмасы бесенеден белгілі емес пе. Оның үстіне қыз-қырқын көрсе тіл-ауыздан айырылатыны да бар. Оны құрдастары да біледі. Бір-екі рет қағытып та көріп еді, бірақ, жауап болмағасын, бұны қажау жартасқа айқайлаумен бірдей деп онысын да қойған. Қазір әйтеуір, ара-тұра бір кездескенде амандық-саулық сұрасудан арыға бармайды.

Жазда ауылдағы қорықшы жұмыстан босапты дегенді естіді. Естіген де қойған. Бар ойы: «Василек кімге бұйырар екен» болды. Василек осы ауылдағы ең бір көрікті жылқының бірі. Жүйрік болмаса да көз тартар сұлу ат. Басын кекжитіп, билеп жүреді. Төрт аяғы бірдей ақ, маңдайдан танауына дейін созылған қасқа. Биыл бесті шыққан. Таскөт Серік мінетін. Арақ ішіп кетіп, ауылдың малы егінге түсіпті. Осыған дейін де қарамай, «потрава» тартқанын естіген. Ақыры басқарма боқтап-боқтап қуып шығыпты. Қойды Қараобаның ылдиына құлатып қарап тұрған. Ұзынағаш жақтан шаң көрінді. Водовоздың келетін уақыты болған жоқ, ауыл жаққа баратын біреу-міреу болса, тұз ала келсін деп айтайын деп жолға қарай жүрді. Жақындағанда таныды. Басқарма екен. Қоңыр «газписятбторой» арқырап келіп тоқтады. Есікті ашты да, түспестен бір түкірді.

- Әкеңнің, мына шаңға тұншығатын болдық қой. Амансың ба!? Сен келгелі әкең жұмысты қойды ғой осы...

Басқарма әкесімен құрдас әрі ата жағынан жиен болып келетіндіктен, көңіл-күйі жақсы кезде қалжыңдасатыны бар.

-Сен бала «обиезшик» болуға қалайсың?

Теңіз сасып қалды. Қапелімде аузына сөз де түспеді.

-Әкеңе көмекші тауып берем. Ол шал әйтпесе жұмысты ұмытты. Кешке Василекті ал Сәрсенбайдан. Ертең таңертең конторға кел, - деді де, есікті сарт еткізе жауып, ызғыта жөнелді. Түс ауа әкесі водовозбен жетті. Түрі өрт сөндіргендей. Қарагерді ертең жеткізіп бер деді де қойға кетті. Митың жүріспен ауылға жеткенше ымырт үйірілді. Шешесі сүт салып отыр екен, басқарманың келгенін, мұны басқа жұмысқа қойғанын, әкесіне бір апта ішінде басқа көмекші тауып беретінін, оған дейін өзі жалғыз бағатынын айтыпты. Қарсыласпақ болған екен, жалғыз ұлды не оқытпай, не үйлендірмей қолбала қылып алған қараулығын бетіне басып кетіпті. Шешесі де сөзуар емес еді, қысқа ғана жеткізді.

Теңіз жүгенін алып Сәрсенбайдың үйіне бет алды. Барса, ауылдың міниіс жылқысын жаюға кетіпті, Василек те сол үйірде екен. Көз байланып қалғандықтан, түн ішінде қайдан іздеймін деп, үйіне қайтты. Әттең, Василекті мінемін деген арманы орындалмай қалды. Тіпті қостан жол бойы желік бітіп келіп еді. Ондай сезімді алғаш рет басынан өткеруі. Алдыңғы жылдары бір құрдасының қызға ғашық болғанын айтқанда, жүректің дүрсілі қандай болады деп ойлаушы еді, шамасы осындай бірдеңе ғой деп топшылады. Түні бойы ұйықтаған жоқ, таң қылаң бере ғана көзі ілініп кеткен екен, Василекке ер салып жатыр екен дейді түсінде. Шап айылды бауырынан ала бергенде тарпып қалыпты. Оянып кетті. Шешесі төніп тұр екен. Беті-қолын мұздай сумен шая сала конторға жүгірді.

Бұл жүгіре басып конторға жеткенде механизаторлар «хозяйкаға» мініп, қырманға енді жүргелі тұр екен. Ұйпа-тұйпа болып, далақтап жүгірген бұған қарап күлгендері де бар. Әсіресе, құрдастары Берік пен Жомарт көре сала ыржыңдасып, бір-біріне айғайлай сөйлеп өздері де, жанындағыларды күлдіріп жатты. Көшенің шаңын будақтата көтерген «газписятвторой» да ауылдан ұзай берді. Басқармаға кіре алмай есік алдында біраз тұрып қалды. Іштегі қатты-қатты шыққан дауыстан секемденіп те тұр. Кешіккен мұны айтып жатыр ма деп, құлағын тоса қалып еді, кигізбен қапталған ауыр есік шекесіне сарт етті. Есікпен гүрс еткізген «старший конюх» Құттыбай екен. Қарулы деуші еді, есікті ашуы мынандай болса, ұрғаны қандай болар екен деп ойлап та үлгерді. Жалпы, Теңіз көп ойлайтын. Ойлағанда да, аузы бір жабылмайтын «петнә Сәкен» секілді елдің, әлемнің мәселелерін емес, тіпті совхоздар арасындағы жарыс та емес, Ақтанау мен Кербаспақты жарыстырса қайсысы озар екен, тасқарын Жұма мен Құттыбай төбелессе қайсысы жеңер екен деген секілді балаң ойлар жүретін. Ондайды елестетіп те көретін. Тіпті болмаса, екі қошқар сүзісе қалса бірін Жұма, екіншісін Құттыбай деп, екеуінің айдалада шарт-шұрт майдандасқанына қарап рахаттанушы еді. Ондай да басқаның бәрін ұмытып, жеңіліп бара жатқан қошқарға болыса кететіні де бар. Қошқармен қошқар болып жүргенде отары да лағып кеткен, қарагермен далбақтап жүріп, әзер жинап алатын кездері де болған.

-Әй, сен бе,«обиезшик» болғысы кеп жүрген?

Құттыбай әдетіне басып айғайлай сөйлеп тұр. Әйтпесе, ауылдағы ешкімнен асып бара жатқан ақылы да, өнері де жоқ. Әскерден келгесін бұл да қой бағып, «барып кел, шауып келдегі» көп көмекшінің бірі болған. Жарты жылдай бұның әкесінің жанында жүріп, отын-шөп түсіріп жүретін қолбаласы сияқты еді, кейін өзі де отар алып, бөлек шыққан. Тек бұл баққан қойдың түсігі көп болып, жылқыға ауыстырған. Астына жақсы ат тигесін, қазір жал бітіп, жардай болып семіріп алған. Жылқышы атанғасын тілі мен бірге қамшысы да ұзарып, әрі басшылықтың соғымын сайлап беріп отырғасын, бүгінде активте болмаса да, сол маңайды төңіректеп жүрген шолақ белсенділердің қатарына енген.

-Әй, шалшық, бүгін жаяу жүре тұр, кешке жылқы келгесін Орликті ұстап беремін, сол да жарайды саған.

«Сол да жарайды саған» дегенді ызбарлана айтты. Әрі атын атамай, шалшық деп кекетіп тұр. Аузына сөз түспей қалды. Түссе де айта алмас еді. Жүрегі су ете түскендей болды. Орликтің мінезін біледі. Былтыр ауылдың малын баққан бақташы мінген. Орлик деген атын кім қойғанын құдай біледі, бірақ, сол аттан садаға кеткірдің нағыз өзі. Не шауып, не желіп жарытпайды. Сонысына қарамай жан жуытпайтын арамы. Айылды тартам деген талайды қыршып қан қақсатқан, арындап талай жетекті сындырып, орта жолда қалдырып, бірнешеуін зар илеткен сұрқияның өзі. Оны міндің не, сиыр міндің не, айырмасы жоқ секілді.

Салы суға кетіп, сүйретіліп үйге келді. Өзінің ынжықтығына бірінші рет налыды. Василекті бер деп айта алмағаныма, тым болмаса, басқармаға кіріп жөні түзу ат сұрамағаныма ренжіді. Ең бастысы қойдан құтылдым, бір жөні болар деп, өзін жұбату басына кіріп те шыққан жоқ. Үйге келе сала, шешесі берген шайды сорап-тап ішіп, қораға кірді. Інісі Марат бұған қарағанда еті тірі, бала күнінен қолды-аяққа тұрмайтын, аш-тоқтығына қарамайды, қонуға болмаса, күні бойы үй бетін көрмеуге бейіл қыдырымпаздың нақ өзі. Қора жаққа аттап баспайды, басса да шала-пұла істейді. Қойдан босағанда соның соңынан қораны тазалап, отын-шөпті қамдау Теңіздің мойнына қамыт болып киілген. Бүгін де ашуын айырдан алып, құлшына кірісті. Қойдың асты тізеге жетіп көтеріліп қалыпты. Шашып жейтін әдеті қойдың. Қырқынды мен құмалағын ныгыздап езіп, балталамаса күрек батпайтын қиға айналыпты. Төртбұрыштап шауып, кірпіш қалағандай қылып арбаға үйе берді. Қорадан түс ауғасын ғана шықты. Ашу дейтіндей ызаланатын да, кіжінетін де әдеті жоқ. Тек іштей тырысып, бар кегін жұмыстан алатын бұйығы еді. Бұл жолы да кегін қайтарғандай масайрамаса да, Василектен күдер үзіп үлгерді. Шешесі құйған асты алдына алып, енді кіріскенде сырттан дауыс шықты.

Басы. Жалғасы келесі санда
Adebiportal.kz

"ӘЛИЯ" ЛОГОТИПІ

БИЫЛ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ, ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗЫ ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ. ОСЫ АЙТУЛЫ ДАТАҒА ОРАЙ, БАТЫРДЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЙЫ МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ЛОГОТИП ӘЗІРЛЕНДІ.

Логотипте Әлияның бейнесі, қазақтың ұлттық оюы мен «100 жыл» деген белгі ерекше үйлесім тапқан. Бұл – батырдың рухына деген тағзымның символы, оның есімін ұрпақ жадында мәңгі қалдырудың көрінісі. Мерейтой аясында Ақтөбеден шығатын барлық өнімдерде осы логотип бейнеленеді. Бұл бастама Әлия Молдағұлова атындағы туған өлкенің ғана емес, барша қазақ елінің батыр қызға деген құрметін көрсетпек.

Әлияның 100 жылдығы – тек тарихи дата емес, өскелең ұрпаққа рух пен патриотизмнің үлгісі. Оның есімі қазақ даласында ерліктің мәңгілік символы болып қала бермек.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Ойыл ауылының тұрғындары!

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық маслихатының 2023 жылғы 31 тамыздағы № 72 шешімін басшылыққа ала отырып, жергілікті қоғамдастық жиынының құрамына өзгерістер енгізу үшін тұрғындардың өтініштері 2025 жылдың 28 ақпанына дейін «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ойыл ауылы Көкжар көшесі №69 мекен жайындағы кеңсе ғимаратында қабылданады.

«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

ЕСКЕ АЛУ

СЕРІК САПАРҰЛЫ
НАУРЫЗБАЕВ
23.02.1968 ЖЫЛ - 07.12.2022 ЖЫЛ

Халқымызда елге еңбегі сіңген тұлғаларға қатысты айтылатын нақыл сөз көп. Оның ішінде «Жақсы ісімен мың жасайды», - деген сөз тура менің Серік досыма арналған сияқты. «Біртуар азамат» деген тұрақты сөз тіркесі де Серік секілді тұлғалардың таңдаулысына ғана тән. Өзінің қысқа ғана ғұмырында сөйлеген сөзі мен жасаған ісі үйлесіп, «ел» дегенде ет жүрегі елжіреп, кейінгілерге үлгі-өнегесін көрсеткен жайсаң жігіт жан-жағына үнемі шуағын шашып жүретін. Әлеуметтік салада халыққа қалтқысыз қызмет қылып, ыстық ықыласына бөленді...

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,
Ел айтады, жұрт айтады жарысып.
Көпшіліктен алған алғыс, сауабың,
Жатқан шығар, рухыңменен қауышып.
Көзден кеттің, мәңгі бізден жырақтап,
Сенбей сені көп іздедік шырақ ап.
Екі жылдың жүзі болды алғаныңа,
О дүниені мекен қылып тұрақтап.
Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,
Көнеміз ғой тағдырдың салғанына.
Көзімізге ып-ыстық жас келеді,
Досым, сені сағынып, еске алғанда!
Бәйтеректей әулетке сая болған,
Бәрінен де мейірімін аямаған.
Жәннатта жаның болсын, рухың биік,
Өзіндей қайда бізге аяулы адам.
Жалғап өскен ағайынның арасын,
Қайран Сәке, бір төбе өзің дарасың.
Ақ жарқын, аңқылдаған тілегіңмен,
Жүрегімнің түбінде, мәңгі есте қаласың!

Еске алушы: Бақыт – Күлөш.

Ойыл ауданы
Қараой ауылы
Іңірбай Аманғалиұлы
17.02.1950 ж – 17.02.2011 ж

Тең келмейтін алтын да еш қолдағы,
Өзің едің, әке, үйдің зор бағы.
Жарық берер айымыздай көктегі,
Болушы едің жанымыздың қорғаны.
Біздер үшін асқар едің, шың, асқақ,
Сенсіз қалды жанымыз да тым ақсап.
Жанарларды жәудіретіп мәңгілік,
Кеттің, әке, жанымыздан жырақтап.
Жадымыздан өшпес мәңгі, әкешім,
Анаға жар, ал біздерге әкесің.
Бауыр, бала, немерең мен жиендер
Бәрі сені сағынуда, әке шын.
Сен кеткенде жанарлар да жылап тым,
Жігеріміз кетті сынып, сұлап мың.
Жан әкешім, жаның болғай әрқашан,
Ең ерекше, ақ төрінен жұмақтың.
Тірі болсаң, 75-ке толар едің...

Еске алушылар: жұбайы Тұрғанай, бауырлары, балалары, немерелері, жиендері.

Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімдері Самал Өткелбаеваға қайын атасы, Айгүл Құсайыноваға нағашысы

Жардем Мұхамбетқалиевтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1422 дана. Тапсырыс 193
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«100 ЖҰМЫСШЫ ЖАС» ЖОБАСЫ:

ЕҢБЕККЕ ҚҰРМЕТ ЖӘНЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ «100 ЖҰМЫСШЫ ЖАС» ЖОБАСЫН ІСКЕ ҚОСТЫ. БҰЛ БАСТАМА ПРЕЗИДЕНТІМІЗДІҢ 2025 ЖЫЛДЫ «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫ ЖЫЛЫ» ДЕП ЖАРИЯЛАУЫНА ОРАЙ ҚОЛҒА АЛЫНҒАН.

Жоба аясында еңбек адамының мәртебесін көтеру, жас ұрпаққа жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын түсіндіру және қолөнер шеберлерінің тәжірибесін насихаттау көзделген.

Қоғамда аса танымал болмағанымен, тікелей халыққа қызмет ететін мамандықтардың бірі – етікшілік. Бұл кәсіпке қызығушылық танытқандар үшін үлгі боларлық жан –Оңғар Жақсыбаев.

Ол етікшілікті бала кезінен меңгеріп, бүгінде нағыз шеберге айналған. Оңғар Орынбасарұлы маусымдық сұраныстарды ескере отырып, қыс мезгілінде байпақтарды жөндесе, жаз-күз айларында етіктерді жамап, желімдеп, табан ауыстырумен айналысады.

Аяқ киім тігу – тек етікші ғана емес, бірнеше мамандықты қатар игеруді талап ететін күрделі өнер. Шебер бұл кәсіпте жетістікке жету үшін дизайнерлік, тігіншілік және қалыпқа тарту шеберлігін меңгерген. Осы үш бағытты толық игерген ол бүгінде аудан тұрғындарына сапалы әрі қолжетімді қызмет көрсетуде.

«Ерінбеген етікші болады» деген халық даналығы дәл осы кәсіп иесіне сай келеді. «100 жұмысшы жас» жобасы аясында Оңғар сынды мамандардың еңбегі дәріптеліп, жастарға еңбекқорлықтың маңызын түсіндіру көзделген. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл бастама өңірде жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылықты арттырып, олардың беделін көтеруге ықпал етпек. Жоба еңбек адамын құрметтеуге, жастарды кәсіпке баулуға және жұмысшы мамандықтарын кеңінен насихаттауға өз үлесін қосатыны сөзсіз.

ҚОРҒАУ МЕН ҚОЛДАУ - КӘСІПОДАҚТЫҢ КЕПІЛДІ КӨМЕГІ

Ойыл ауданында білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы өз жұмысын белсенді түрде жалғастырып, сала мамандарының мүдделерін қорғау, құқықтық сауаттылығын арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар атқаруда.

Жақында өткен жиында аудандық кәсіподақ ұйымының төрайымы Гүлмира Избағамбетова атқарылған жұмыстарға тоқталып, кәсіподақтың маңызды міндеттерін атап өтті. Оның айтуынша, бүгінде аудандағы 33 бастауыш кәсіподақ ұйымына 1676 мүше тіркелген. Ұжымдық шарттар жасау арқылы еңбек қатынастарының тепе-теңдігін сақтау және әлеуметтік әріптестікті нығайту жолға қойылған. Аудандық кәсіподақ ұйымы білім беру мекемелерінде еңбек нормаларының сақталуын бақылауға ерекше көңіл бөлуде. 2024 жылы 7 мектеп пен 5 мектепке дейінгі ұйымдарда қоғамдық бақылау жүргізіліп, еңбек заңдылықтарын бұзу фактілері анықталған жағдайда тиісті ескертулер жасалды. Сондай-ақ, кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында нақты шаралар қабылданды. Су тасқыны кезінде 25 кәсіподақ мүшесіне 2 000 000 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді. Сонымен қатар, 126 кәсіподақ мүшесі шипажайларға және тарихи-танымдық саяхаттарға жіберіліп, бұл мақсатқа 9 116 500 теңге бөлінді. Жиында Ақтөбе облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы ұйымының өкілдері де сөз сөйлеп, 2024-2026 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы келісімнің маңыздылығына тоқталды.

Облыстық кәсіподақ ұйымының төрайымы Раушан Серікова кәсіподақ қызметінің негізгі міндеттері еңбек дауларын шешу, жұмысшылардың әлеуметтік кепілдіктерін қорғау, еңбек заңдылықтарының сақталуын қадағалау екенін баса айтты.

Шара соңында білім саласының дамуына үлес қосқан кәсіподақ мүшелері марапатталып, шипажайға жолдамалар табысталды. Сонымен қатар, кәсіподақ өкілдері Ойыл кәсіптік колледжі, педагогикалық-психологиялық түзету кабинеті, Ж. Жүсібалиев атындағы қазақ орта мектебі және «Балдырған» бөбекжайының бастауыш кәсіподақ ұйымдарына қоғамдық бақылау жүргізіп, әдістемелік көмек көрсетті. Кәсіподақ қызметінің басты мақсаты – еңбек адамдарының құқықтарын қорғау, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту және ұжымдық келісімдердің орындалуын қамтамасыз ету.

Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

АДАЛДЫҚ ПЕН АШЫҚТЫҚ ӨЛШЕМІ

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық мәселесі барлық әлемнің өзекті проблемаларының қатарында тұрғаны сөзсіз.

Әлемнің барлық мемлекеттері сыбайлас жемқорлықтың құрбанына айналып жатыр. Сонымен қатар, бұл тек мемлекетішілік проблема ғана емес, жаһандық проблемаға да айналуда.

Айналамыздағы барлық мемлекеттер, солардың ішінде дамыған елдер, жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу үлгілерін қайта қарастыруда, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатаң түрде нығайту туралы жаңа заңдар мен нормаларды қабылдауда, сондай-ақ елімізде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия құрамдары да бар, сол арқылы көптеген жемқорлықтың алдын-алып келеді.

Мемлекетімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебесі болғандықтан, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, жолын кесу бойынша қоғамдық және саяси күштермен бірлесе қаншама үлкен жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықты жою үшін бүкіл қоғам бірге атсалысып, күресуге тиіс.

Сонда ғана мемлекетіміз сыбайлас жемқорлық жоқ әлемдегі мемлекеттердің біріне айналарына кәміл сенемін.

Мемлекеттік қызметке алғаш рет келген қызметкерлерге этикалық нормалар мен заңдарды сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмысына ерекше назар аудару керек. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйелі түрде жалғасын тауып бақылауда болады.

Біздің мақсатымыз - қызмет саласында бармақ басты, көз қысты әрекеттің алдын алу, қызметкерлер арасында адалдық пен ашықтық мәдениетін қалыптастыру сондай-ақ келешек жас ұрпақ пен еліміздің өркендеуі үшін сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жолында бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы кең ауқымды насихат жүргізуге күш салу қажет екенін қосқым келеді және бұл ешқашан артық етпейді.

Б. АБДУЛЛИН,
Инспекция басшысы.

«КАДАМ LIFE» – КӘСІБИ БАҒДАР

Президент тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында «Жұмысшы мамандықтары» жылы аясында Ақтөбе облысының мектептерінде оқушыларды кәсіптік бағдарлауға бағытталған «Қадам Life» жаңа жобасы басталды. Бағдарламаның тиімділігін қамтамасыз ету үшін оқушылар арасында алдын ала сауалнама жүргізілді. Бұл ұйымдастырушыларға оқушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін түсінуге, сабақтардың мазмұнын олардың сұраныстарына бейімдеуге мүмкіндік берді.

Мамандық таңдау - адам өмірінің ең жауапты сәттерінің бірі. Әрине, мектеп қабырғасынан енді шыққан оқушы үшін болашақ мамандығын таңдау -өте ауыр шешім. Дегенмен, бұл сәтте жауапкершілікті оқушы бірінші кезекте өзі сезінуі қажет. Өсіп келе жатқан келесі ұрпақ ақылға қонымды, қажеттіліктен туындаған және қазіргі уақытта мамандықтарды таңдап меңгеру қоғамның талабы деп білемін. Қазіргі таңда, кәсіптік бағдар беру жұмысы тек балалармен ғана емес, ересектермен де жүзеге асырылуда. Көптеген ересектер белгілі бір себептермен мамандықты өзгертуге шешім қабылдайды.Қазіргі экономикалық және саяси жағдай адамның жеке психофизиологиялық сипаттамаларына жоғары талаптар қоюға мәжбүр етеді. Еңбек қатынастары түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Жұмыс орындарының қарқындылығы артып, жұмысшылардың орны жаңа технологиялармен алмастырылуы жұмысшылар тарапынан бәсекелестіктің артуына, кәсіби деңгейді үнемі арттырып отыруына әкелді. Жұмысшыларға өте жоғары, жан-жақты кәсіби біліктілік, мінез бен шыдамдылық керек.

Осыған байланысты мектеп жасындағы оқушыларға мақсатты түрде кәсіби бағдар беру үшін «Қадам-Life» жобасы аясында Ойыл кәсіптік колледжі аудан басындағы Ж.Жүсібалиев атындағы қазақ орта мектебіне, Ойыл қазақ орта мектебіне және Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясына барып, мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру шарасын ұйымдастырды. Жұмысшы мамандықтары туралы жан-жақты таныстырып, оқушылармен бірлесе жұмыс жасап, ақпарат ұсынды.

«Қадам-Life» жобасына біздің колледжден «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Ауыл шаруашылығының тракторист-машинисі», «Ветеринария», «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша 9-11 сынып оқушыларына шебер-класс ұсынылып, мектеп оқушылары белсене қатысып, мамандықтардың қызықты екеніне көз жеткізді. Бұл -жастардың дұрыс мамандық таңдауына және өңіріміздің болашақ мамандарының қалыптасуына зор үлес. Жас ұрпақты дұрыс бағыттау, адастырмау, жол нұсқау біздің басты борышымыз деп білеміз.

Мөйрамгүл ТӘТТІҒАЛИ,
Ойыл кәсіптік колледжінің әдіскері.

«ЖЫРЛАЙДЫ ЖҮРЕК»

Әдебиет – ұлттың рухани қазынасы, ал поэзия – жүректің тілі.

Осы орайда қазақтың біртуар ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Жырлайды жүрек» атты әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды.

Бұл кештің басты мақсаты – ақынның мұрасын жас ұрпаққа насихаттау, оның поэзиясындағы терең ойлар мен сырлы сезімдерді тыңдарманға жеткізу.

Әдеби кештің жүргізушілері Мұқағалидің махаббат, өмір, туған жер туралы жырларынан үзінділер оқып, ақынның шығармашылығына деген құрметтерін білдірді.

Шара барысында ақынның: «Поэзия махаббаттан басталып, парасатпен аяқталуы тиіс» – деген сөзі бірнеше рет айтылып, оның мағынасы тереңірек түсіндірілді. Кеш барысында Мұқағалидың «Сен көріктісің», «Аққулар ұйықтағанда» сынды өлеңдері оқылып, оның сөзіне жазылған әндер орындалды.

Бұл шығармалар ақынның өмірге, табиғатқа, туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігін көрсетті.

Сонымен қатар, кештің интерактивті бөлігінде Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған викториналық сұрақтар қойылып, көрермендерге ақын туралы білімдерін шыңдауға мүмкіндік берілді.

Шара соңында ұйымдастырушылар барлық қатысушыларға алғыс айтып, Мұқағалидың: «Өлсе өлер Мұқағали, өлтіре алмас өлеңді» – деген сөзімен кешті қорытындылады.

Бұл әдеби-сазды кеш поэзия сүйер қауымның жүрегінен орын алып, Мұқағалидың өлмес мұрасын тағы бір мәрте ұлықтауға себепші болды. Ақын жырлары арқылы қазақ әдебиетінің құндылығы насихатталып, өскелең ұрпаққа рухани азық берілді.

БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫ

БРУЦЕЛЛЕЗ – ЖАНУАР МЕН АДАМДАР АУЫРАТЫН ЖҰҚПАЛЫ АУРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ОЛ БРУЦЕЛЛА ДЕП АТАЛАТЫН БІРІККЕН МИКРОБТАР ТОБЫНАН ПАЙДА БОЛАДЫ. ҚОЗДЫРҒЫШТЫҢ ӘР ТҮРІНЕ ТӘН ИЕ ОРГАНИЗМДЕРІ БАР.

Brucella melitensis иесі ұсақ мал: қой, ешкі. Бруцелланың бұл түрі ірі қара малды, түйені, итті зақымдауы мүмкін. Brucella abortus иесі- сиыр. Brucella Suis иелері – шошқа, қоян, бұғылар. Бұл қоздырғыш ірі қара және ұсақ малды зақымдауы мүмкін. Brucella ovis – қойдың инфекциялық эпидидимитінің қоздырғышы. Адам үшін патогенді әсері бар. Brucella Canis иесі – ит. Адам үшін патогенді әсері бар. Brucella neotomae иесі – далалық тышқандар, адам үшін патогенділігі зерттелмеген.Бруцеллезбен барлық ауыл шаруашылығы жануарлары ауырады. Бірақта негізінен бруцеллез таралуында ұсақ және ірі қара мал маңызды рөл атқарады. Аса қауіпті, аурудың ауыр түрлеріне әкелетін қой мен ешкі бруцелла қоздырғышы болып табылады. Науқас қойлармен бірге ұсталынған мүйізді ірі қара малы, қой қоздырғышына шалдығады және адам үшін қауіпті болады. Адамға жұғу ауру малдарға қарау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтамау, тамаққа зарарсыздандырылмаған сүт, сүт өнімдерін, етті қолданудан болады. Қой-ешкі бруцеллезінен пайда болған ауру кезінде науқаста дене қызуы, шаршағыштық, бас ауруы, тершеңдік, тәбетінің болмауы, көбінесе тізе және шынтақ буындары ауыратыны байқалады. Адам үшін бруцеллез көзі бруцеллезге шалдыққан мал екенін ескерсек, бұл бағытта сауықтыру шаралары жүргізіліп, ауру малдар анықталғаннан кейін санитарлық сою, сыртқы ортада микробтарды жою- залалсыздандыру іс-шаралары (дезинфекция) жүргізу керек.

Ауру мал әдетте қоздырушыны көп мөлшерде іш тастағанда шуымен, қағанақ суымен, сүтімен, аталықтың ұрығымен бөліп, сыртқы ортаны мейілінше ластайды. Сау мал ауруға негізінен алиментарлық жолмен және ұрықтандыру кезінде шалдығады. Сонымен қатар, бруцеллалар ит, мысық, кеміргіштер арқылы да таратылады. Бір орыннан келесі орынға бруцеллез көпшілік жағдайда тексерілмей, ал кейіннен карантинде ұсталынбаған ауру малмен әкелінеді.

Бруцеллез негізінде жасырын түрде өтеді, егер жұқтыруға бейім мал арасында буаз мал болмаса, онда ауруды тек серологиялық зерттеу арқылы анықтайды. Іш тастаған малдарда шудың түспеуі және эндометрит, кейде мастит байқалады, ал еркек малдарда орхит, эпидидимит байқалуы мүмкін. Ал сойып қарағанда бауырдың іскені байқалады.

Бруцеллезбен ауырған малдарды емдеу іс-шаралары жүргізілмейді, оларды санитариялық союға жіберіледі. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №7-1/587 бұйрығына сәйкес бруцеллезге оң нәтиже берген жануарлардың барлық түріне олардың асыл тұқымдық құндылығына, жасына, күйіне, буаздығына қарамастан оларды дереу оқшаулап 15 күн ішінде союға жібереді. Күмәнді нәтиже берген жануарлардан күнтізбелік 15-20 күннен кейін диагнозды нақтылау үшін қайта қан алынады.

Бруцеллез бойынша саламатты пункттерде, эпизоотологиялық бірліктерде ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібіне сәйкес

1095 тармағында Ветеринариялық пункт мамандары ауру жануарларды ыстық немесе суық таңбалау әдістерімен жақ немесе сауыр тұсына "Б" әрпін жазу жолымен белгілейді.

Сойылған мүйізді ірі қара малының ұшасын тексергенде патологиялық өзгеріс болмаған жағдайда кедергісізсатуға, тамақ өнімдері үшін пайдалануға жіберіледі. Ал егер өзгеріс болған жағдайда қайта өңдеуге тапсырылады. Ұсақ мал ұшасы мал сою пунктінде сойылғаннан кейін міндетті түрде қайта өңдеуге жіберіледі.

Бруцеллез ауруы анықталған мал иесіне «Ауру жануарларды санитариялық тазалау, санитариялық сою туралы» нұсқама берілгеннен кейін малды уақытында дереу оқшаулауға тиісті. Берілген нұсқамада көрсетілген уақытта союға әкелінбеген немесе жою талаптарын бұзған жағдайда (сатып жіберу, ауласында сойып алу, т.б.) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 406 бабының «ҚР ветеринария саласындағы заңнамасын бұзу» бойынша жеке тұлғаға 20 АЕК (айлық есептік көрсеткіш), лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға 50 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне 100 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 200 АЕК мөлшерінде айппұл салуға әкеліп соғады. Сол себепті нұсқама талаптарын орындай отырып ауруды одан әрі таратпау үшін ауру мал тұрған қораны, орынына міндетті түрде залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу қажеттілігін ескертеміз.

ҚР АШМ ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы.